

## **Ақмола қаласындағы 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1772

Ақмола қаласында қазіргі заманғы емдеу-диагностикалық базасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен "Фицпатрик Интернэшнл Лимитед" құрылыс компаниясы арасында Ақмола қаласында 240 төсектік аурухана кешені құрылысының жобасын жүзеге асыру үшін жасалған контракт мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:  
контрактіні атқаруға уәкілетті құрылымдық бөлімшелерді айқындасын;  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне жобаны банктік сараптамадан өткізу үшін материалдар берсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне:  
Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қарыз алушы болу және осы несиенің камтамасыз етілуін жүзеге асыру;

жобаның негізгі сараптамасын жүзеге асыру;  
несие беруші-банктермен жасасылған контрактілерге сәйкес, жобалық-іздістіру және ұйымдастыру жұмыстарының құнын ескере отырып несиелік келісім жасау;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен және оның контрактіні атқаруға уәкілетті құрылымдық бөлімшелерімен келісім жасау;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен несиеге қызмет көрсету жөніндегі агенттік келісім жасау тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:  
Ақмола қаласындағы аурухана кешенінің құрылысын қаржыландыратын шетелдік несиешілерге қажетті кепілдемелер берсін;

алдағы жылдарға арналған республикалық бюджетті жасау кезінде аванстық төлемді төлеу жөніндегі шығыстарды, негізгі борышты және проценттерді өтеу, комиссиялар мен қызмет көрсететін банктер шығыстарын көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

"Қазақстан Республикасының кепілдіктерін есепке алуды реттеу туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 қарашадағы N 1300 қаулысында көзделген Қазақстан Республикасының кепілдігін бергені және тіркегені үшін міндетті бір жолғы төлем төлеуден босатылсын.

<\*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 5-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.23.

№ 641 қаулысымен.

P970641\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК